

Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 139 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 14 желтоқсандағы Заңымен ратификацияланған 2005 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы Қарыз туралы келісімді (Ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасы) (бұдан әрі - келісім) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі конкурстық негізде ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасының кредит желісі бойынша екінші деңгейдегі банктерді (бұдан әрі - қарыз алушы банктер) белгілесін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен қарыз алушы банктер ауыл шаруашылығын қолдаудың жекешелендіруден кейінгі екінші жобасының кредит желісі бойынша кредиттік шарттардың тараптары болып белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мынадай шарттарда кредиттік шарттарды жасасуды қамтамасыз етсін:

1) республикалық бюджеттен қоса қаржыландыру қаражатының (бұдан әрі - кредит) жалпы көлемі 30000000 (отыз миллион) АҚШ долларына баламалы соманы құрайды, бұл ретте әрбір қарыз алушы банкке берілетін кредит сомасы кредиттік шартқа сәйкес а й қ ы н д а л а д ы ;

2) теңге қоса қаржыландыру қаражатынан берілетін кредит валютасы болып т а б ы л а д ы ;

3) кредит қарыз алушы банктерге жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қаржылық қызметтерге қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында беріледі;

4) кредит қарыз алушы банктерге негізгі борышты өтеу бойынша үш жылдық жеңілдік кезеңімен 15 (он бес) жыл мерзімге беріледі;

5) тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген кредит қаражатын игеру кезеңі тиісті қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін белгіленеді;

6) теңгемен есептелген сыйақы ставкасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасына тең ауыспалы ставка болып табылады;

7) кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің болуы.

4. Кредиттік шарттың тараптары жыл сайын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңнамалық актіде көзделген сомалар шегінде осы қаулыда айқындалған шарттарда республикалық бюджеттен кредит беру туралы кредиттік шартқа қосымша келісімдер жасассын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК